

Номиналды ұстаумен брокерлік қызметтерді көрсету туралы № __ шарт

Алматы қаласы

20__ ж. «__» _____

«Нұрбанк» АҚ-ның «MONEY EXPERTS» ЕҰ» АҚ, 2007 жылғы 4 шілдедегі №0401201611 номиналды ұстаушы ретінде клиенттік шоттарды жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға лицензиясы бар, бұдан әрі «Брокер» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрайымы Шайхиева Л.К. тұлғасында, бір тараптан, және «_____» _____, бұдан әрі «Клиент» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____ тұлғасында, екінші тараптан, бөлек «Тарап» деп, бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, төмендегілер жайлы осы номиналды ұстаумен брокерлік қызметтерді көрсету туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар мыналарда айқындалған ұғымдарға сәйкес:
- 1) 02.07.2003 жылғы №461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында.
 - 2) 13.05.2003 жылғы №415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында.
 - 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №9 Қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларында.
 - 4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы №210 қаулысымен бекітілген Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді бағалы қағаздарды номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркеу, номиналды ұстаушының номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде бағалы қағаздарды ұстаушының дербес шотынан үзінді көшірмені беру және номиналды ұстаушының ақпарат ашу қағидаларында.

2. Шарттың мәні

- 2.1 Осы Шарттың мәні – Брокердің жекелеген клиенттік тапсырыстар негізінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасауы, Клиенттік қаржы құралдарын номиналды ұстау бойынша қызметтерді көрсетуі, сондай-ақ осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде осы Шартта көзделген басқа да қызметтерді көрсетуі.
- 2.2 Қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау және орындау, клиенттердің тапсырыстарын/бұйрықтарын тіркеу және орындау тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен, Брокердің ішкі құжаттарымен және осы Шартпен белгіленген.
- 2.3 Тараптар осы Шарттың талаптарын орындау процесінде өз қатынастарында Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне, Брокердің ішкі құжаттарына және осы Шартта белгіленген талаптарға сәйкес әрекет етеді.
- 2.4 Осы Шарт бойынша Брокер Клиентке келесі қызмет түрлерін көрсетеді:
 - 1) қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау және орындау;
 - 2) Клиенттің қаржы құралдарын номиналды ұстау;
 - 3) ақпараттық, талдамалық және консультациялық қызметтер, осы Шартқа қосымша келісімдерде немесе осы Шартты көрсететін жекелеген шарттарда айқындалған тәртіппен және талаптармен.
- 2.5 Осы Шартқа Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тапсырма немесе комиссия шартының нормалары қолданылады. Тапсырма шартының нормалары номиналды ұстау қызметтерін көрсету бөлігінде, ал комиссия шартының нормалары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметтерді көрсету бөлігінде қолданылады.
- 2.6 Брокер ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен мәміленің мәні болып табылатын қаржы құралдарын кері сатып алу немесе қайта сату жөніндегі міндеттемені талаптарында көздейтін мәмілелер жасамайды.
- 2.7 Осы арқылы Клиент бағалы қағаздар нарығындағы қызметпен байланысты тәуекелдер туралы ескертілгенін және Брокер Клиент көтерген қандай да бір шығындар немесе залал үшін жауапкершілік көтермейтінін мойындайды, егер мұндай шығындар немесе залал Брокердің осы Шарт талаптарын және номиналды ұстаушы ретінде клиенттік шоттарды жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру үшін белгіленген Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындамауынан туындамаса.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

- 3.1 Брокер құқылы:

_____ клиент

_____ заңгер

_____ брокер

Нысан «Нұрбанк» АҚ-ның «Money Experts» ЕҰ» АҚ
Басқармасының шешімімен бекітілген.

- 1) Брокердің ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Клиенттің қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға;
- 2) Клиенттен оның дербес шоты бойынша операцияларды жүзеге асыру және клиенттік тапсырыстарды орындау үшін қажетті қосымша ақпаратты талап етуге;
- 3) осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 Қосымшада көрсетілген қызметтер үшін тарифтерге сәйкес сыйақы алуға;
- 4) Клиент осы Шартта, сондай-ақ Клиентпен жасалған басқа да шарттар мен келісімшарттарда көзделген төлем міндеттемелерін орындамаған жағдайда клиенттің тапсырыстарын/бұйрықтарын қабылдауды және орындауды тоқтата тұруға;
- 5) уәкілетті органнан, құқық қорғау органдарынан немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардан, тіркеушіден немесе «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-дан тиісті хабарлама алған жағдайда Клиенттің тапсырыстарын/бұйрықтарын орындауды тоқтата тұруға немесе орындамауға;
- 6) егер Клиент өз міндеттемелерін орындамаса/тиісінше орындамаса, осы Шартта көрсетілген мөлшерлемелер бойынша тұрақсыздық айыбын және/немесе өсімпұлды және/немесе айыппұлдарды есептеуге. Тұрақсыздық айыбын және/немесе өсімпұлды және/немесе айыппұлдарды ұстау осындай шегерімдерді жасауға Клиенттің жазбаша келісімін алған жағдайда Клиенттің Брокерде ашылған шоттарындағы ақшадан тиісті шегерімдерді жасау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін;
- 7) егер Брокер Қазақстан Республикасы заңнамасының кез келген талаптарына сәйкес осындай жолмен әрекет етуге міндетті болса, Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе басқа елдің заңнамасымен осы төлемдер үшін белгіленген, Клиенттің пайдасына бағытталған төлемдерден салықтың/алымның барлық түрлерін ұстауға;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Брокердің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Клиентке қаржы құралдарымен мәмілелер жасау бойынша ұсынымдар беруге;
- 9) осы Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, осы Шартқа қосымша келісімдерде немесе жекелеген Шарттарда айқындалған талаптармен консультациялық, талдамалық және ақпараттық қызметтер көрсетуге;
- 10) осы Шартқа қосымша келісімдерде немесе жекелеген шарттарда айқындалған талаптармен Клиентке инвестициялық шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпарат беруге;
- 11) Клиенттің тапсырыстары/бұйрықтары негізінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасауды өз қалауы бойынша басқа брокерге және (немесе) дилерге тапсыруға (Клиенттің осы Шартқа қол қоюы Клиенттің келісімін білдіру болып табылады, оның ішінде осы тармақтың талаптарымен);
- 12) - соңғы жүз жиырма ай ішінде осы дербес шотта бағалы қағаздар (эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) болмаған кезде, сондай-ақ Клиентке активтерді қайтарған кезде Клиенттің бұйрығы негізінде Клиенттің дербес шотын жабуға;
- келесі жағдайларда біржақты тәртіппен Клиентпен іскерлік қарым-қатынастарды тоқтатуға, іскерлік қарым-қатынас орнатудан бас тартуға, клиенттік тапсырысты орындаудан және кез келген операцияны жүзеге асырудан бас тартуға, оларды тоқтата тұруға, тоқтатуға:
А) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға бағытталған Брокердің әрекеттерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасында, Брокердің ішкі нормативтік құжаттарында мұндай әрекеттер тікелей көзделген болса.
Б) экстремистік немесе террористік қызметке Клиенттің, оның өкілінің, бенефициарлық меншік иесінің қатысуы туралы, терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізімінде, жаппай жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізімінде Клиенттің, оның өкілінің, бенефициарлық меншік иелерінің болуы туралы ақпарат алынған болса.
В) Брокермен іскерлік қарым-қатынастарды Клиент қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаса;
Г) Клиент Клиентті сәйкестендіру, Клиенттің операцияларын бақылау және зерттеу үшін қажетті ақпаратты немесе құжаттарды бермесе;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар.

3.2. Брокер міндетті:

- 1) осы Шарттың талаптарына сәйкес Клиенттің қаржы құралдарымен мәмілелерді және оның шоттары бойынша операцияларды жасауға;
- 2) осы Шартқа сәйкес қаржы құралдарымен оған қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында шектеулер мен ерекше талаптар белгіленген мәміле жасалғаны (жасалуы көзделгені) туралы уәкілетті органға осындай мәміле жасалған күннен келесі күннен кешіктірмей хабарлауға;
- 3) осы Шарттың талаптарымен берілген өкілеттіктер шегінде әрекет етуге және осы Шартпен және/ немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен тікелей айқындалған жағдайларды қоспағанда, Клиент өз тапсырыстарында/бұйрықтарында белгілеген әрекеттерден басқа әрекеттерді Клиенттің қаржы құралдарына қатысты жасамауға;
- 4) қаржы құралдарымен мәміле жасау кезінде клиенттік тапсырысты барынша жақсы орындау үшін барлық ықтимал күш-жігерін салуға. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда Брокер Клиенттің мүдделерінің өз

мүдделерінен, қызметкерлерінің, акционерлерінің, үлестес тұлғалардың мүдделерінен басымдылығына сүйене отырып, қаржы құралдарымен мәміле жасауға міндетті;

5) уәкілетті орган қатарынан соңғы он екі ай ішінде Брокерге қолданған әкімшілік жазаларды қоспағанда, Клиентті санкциялар туралы хабардар етуге. Әкімшілік жаза түріндегі санкциялар бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындау аяқталған күннен бастап соңғы он екі ай ішінде Брокерге әкімшілік жаза қолдану туралы мәліметтер ұсынылады;

6) Брокердің тәуекелдерді жабуын сипаттайтын көрсеткіштердің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес келмеу фактілері туралы Клиентті хабардар етуге;

7) осы Шартқа сәйкес қаржы құралдарымен жасалуы көзделетін (жасалған) және ол жасалғаннан кейін қолданысқа енгізілген мәмілелерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер мен ерекше талаптар туралы осындай хабарламаны жіберу үшін негіз туындаған күні Клиентке ресми жазбаша хабарламаны поштамен және (немесе) шабарманмен және (немесе) электрондық поштамен, және (немесе) факсимильді, және (немесе) телекс және (немесе) телеграфтық хабарламамен немесе өзге де ықтимал байланыс түрлерімен жіберу арқылы хабарлауға.

Егер Клиенттің есебінен және мүддесінде жасалуы көзделген немесе Клиенттің тапсырысы негізінде жасалған мәміле талаптары бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған мәміле талаптарына сәйкес келсе, Брокер осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген хабарламаны Клиентке жібере отырып, бір мезгілде уәкілетті органға осы хабарламаның көшірмесін жібереді.

Осы тармақтың 5) - 6) тармақшаларында көзделген хабарламалар жазбаша нысанда рәсімделуі және Брокермен Клиентке поштамен және/немесе шабарманмен және/немесе электрондық поштамен және/немесе басқа ықтимал байланыс түрлерімен жіберілуі және (немесе) мұндай хабарламаны жіберу үшін негіз туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Интернеттегі Брокердің (www.moneyexperts.kz) веб-сайтында орналастырылуы тиіс.

8) қолданыстағы заңнамада, Брокер мүшесі (қатысушысы) болып табылатын сауда-саттықты Ұйымдастырушының ережелерінде белгіленген жағдайларды және Клиент Брокерге көрсетілген мәліметтер мен ақпаратты жариялау құқығын берген жағдайды қоспағанда, Клиент туралы мәліметтердің, клиенттің тапсырысын/бұйрығын орындау үшін және қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру процесінде Клиенттен алынған ақпараттың құпиялылық талаптарын сақтауға;

9) Брокерге белгілі болған, қаржы құралдарымен мәмілелерді жүргізуге кедергі келтіретін немесе оларды жүргізу кезінде жағымсыз салдарлар тудыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Клиентті хабардар етуге;

10) мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндіктері мен фактілері туралы Клиентті хабардар етуге;

11) Клиентке осы Шартта айқындалған тәртіппен клиенттік тапсырысты/бұйрықты орындау/орындамау туралы есептер беруге;

12) клиенттік тапсырысты/бұйрықты орындауға қабылдамауға:

- клиенттік тапсырыстың мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе осы Шартқа қайшы болған жағдайда;

- егер клиенттік тапсырыс берілген қаржы құралдарына ауыртпалық салынған болса, немесе қаржы құралдарының айналысын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы тиісті мемлекеттік органдардың, не соттың шешімі болғанда;

- Клиенттік тапсырысқа клиент Брокердің жауапты қызметкерінің қатысуымен қол қоймаған жағдайда, клиенттік тапсырыстағы (қағаз жеткізгіштегі) қолтаңба және (немесе) мөрдің баспа-таңбасы үлгісі (бар болса) қолтаңбалар үлгілері бар нотариалды куәландырылған құжатта немесе жеке тұлғаның (соның ішінде оның өкілінің) жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген қолтаңбаларға (соның ішінде клиенттік тапсырыстарға қол қою құқығы бар заңды тұлғаның өкілдерінің) және (немесе) заңды тұлғаның мөрінің баспа-таңбасына (бар болса) көзбен көрінетіндей сәйкес болмағанда;

- клиенттік тапсырыс телефон байланысы құралдарымен берілген кезде, осы Шартта және Брокердің ішкі құжаттарында айқындалған талаптар мен тәртіпке сәйкес Клиентті сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда;

- Клиенттің банктік және (немесе) дербес шотындағы ақшаның және (немесе) бағалы қағаздардың көлемі клиенттік тапсырыста көрсетілген ақша және (немесе) бағалы қағаздар көлемінен аз болса;

- бұйрық қабылданған сәтте және (немесе) осы бұйрықтың қолданылу мерзімі ішінде клиенттің (оның өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімі өткен жағдайда;

- осы Шартта, Брокердің ішкі құжаттарында және (немесе) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған өзге де жағдайларда;

13) егер мұндай мәмілені жасау мүдделер қақтығысы туындауына әкеп соқтыратын болса, Клиентке қаржы құралдарымен мәміле жасау туралы ұсынымдар бермеуге;

14) Клиенттің тиісті бұйрығы негізінде осы Шарт жасалғаннан кейін 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде Клиентке дербес шот ашуға (Клиент Брокер талап ететін барлық құжаттарды ұсынған жағдайда) және қосалқы шот ашу үшін қажетті Клиенттің барлық деректемелерін аша отырып, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ есепке алу жүйесінде Клиенттің қосалқы шотын ашуға және есепке алу жүйесін және Клиенттің қосалқы шотын ашуға;

15) Клиенттің өтініші бойынша оның дербес шотының жай-күйі туралы ақпарат беруге;

Нысан «Нұрбанк» АҚ-ның «Money Experts» ЕҰ» АҚ
Басқармасының шешімімен бекітілген.

- 16) тиісті бұйрық негізінде Клиенттің дербес шотынан үзінді көшірме беру арқылы Брокердің номиналды ұстауындағы қаржы құралдары бойынша Клиенттің құқықтарын растауды қамтамасыз етуге;
- 17) айына кемінде бір рет немесе Клиенттің өтініші бойынша Клиенттің дербес шотындағы қаржы құралдары мен ақша санын өзіндік есепке алу деректерін «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ деректерімен салыстыруға;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Клиенттің қаржы құралдары мен ақшасын Брокердің ақшасы мен қаржы құралдарынан бөлек есепке алуға;
- 19) Клиентке шотынан үзінді көшірме түрінде мерзімді есептер жіберуге: айына бір рет; Клиенттің шоттары бойынша операциялар болмаған кезде: тоқсанына бір рет — қаржы құралдары мен ақша бойынша шотта қалдықтар болса, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында көзделген өзге де есептер жіберуге;
- 20) Клиенттің қаржы құралдары бойынша кірістерді, сондай-ақ қаржы құралдарын сатудан және РЕПО операцияларын жасаудан түскен ақшаны Клиенттің пайдасына Клиенттің дербес шотына аударуға. Клиенттен жазбаша өкім алғаннан кейін оларды Клиент көрсеткен банктік деректемелер бойынша аударуға;
- 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

3.3. Клиент құқылы:

- 1) Брокерден осы Шартта айқындалған міндеттемелерді тиісінше орындауды талап етуге;
- 2) Брокерге жіберілген тиісті хабарлама арқылы клиенттік тапсырысты/бұйрықты, егер мұндай тапсырыс/бұйрық орындалмаған болса, жоюға құқылы. бастапқы клиенттік тапсырысты/бұйрықты Брокер орындамаған жағдайда, тапсырыстың/бұйрықтың параметрлерін өзгерту тиісті тапсырыстың/бұйрықтың күшін жою және нақтыланған параметрлерімен жаңа тапсырыс/бұйрық беру арқылы жүзеге асырылады;
- 3) клиенттік тапсырыстың/бұйрықтың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде Клиенттің мүддесі үшін Брокердің қызметі туралы есептер түріндегі ақпаратты, оның ішінде клиенттік тапсырыстардың/бұйрықтардың орындалғаны/орындалмағаны туралы хабарламалар мен есептер алуға;
- 4) Брокерден Клиенттің дербес шотынан үзінді көшірме түрінде Брокердің номиналды ұстауындағы қаржы құралдарына меншік құқығын растауды талап етуге;
- 5) Брокерден белгілі бір күнгі өзінің дербес шоттарының жай-күйі туралы және белгілі бір кезең ішіндегі өзінің қаржы құралдары мен ақшасының қозғалысы туралы ақпаратты талап етуге;
- 6) нарыққа шығарылатын қаржы құралдары туралы, жалпы қаржы нарығының жай-күйі туралы Брокерде бар ақпаратты осы Шартқа қосымша келісімдерде немесе жекелеген шарттарда айқындалған талаптармен алуға;
- 7) Брокерден инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін қажетті ақпаратты осы Шартқа қосымша келісімдерде немесе екі Тарап қол қойған жекелеген шарттарда айқындалған талаптармен алуға;
- 8) осы Шартқа қосымша келісімдерде немесе екі Тарап қол қойған жекелеген шарттарда айқындалған талаптармен өзге де ақпараттық, талдамалық және консультациялық қызметтерді алуға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар.

3.4. Клиенттің міндеттері:

- 1) осы Шартқа сәйкес қаржы құралдарымен мәмілелерді және дербес шот бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін Брокерге барлық қажетті және талап етілетін құжаттарды, оның ішінде осы Шарттың №2 Қосымшасында көрсетілген құжаттарды уақтылы ұсыну;
- 2) клиенттік тапсырыста көрсетілген мәмілені жасау күні Алматы уақыты бойынша сағат 16-00-ден кешіктірмей Брокерге Брокердің Ішкі құжаттарымен белгіленген нысан бойынша Брокердің атына берілген клиенттік тапсырыстың немесе бұйрықтың 2 (екі) данасын ұсыну;
- 3) клиенттік тапсырыста көрсетілген қаржы құралдарын сатып алу немесе сату мәмілесі жасалу күні Алматы уақыты бойынша сағат 15-00-ден кешіктірмей мәміле бойынша есеп айырысу үшін қажетті соманы қандай да бір шегерімсіз Брокердің шотына түсуін қамтамасыз ету, оған Брокердің делдалдарының шетелдік бағалы қағаздар нарығында қызметтеріне ақы төлеу және шетелдік қор биржаларындағы қажетті биржалық алымдар, салықтар мен төлемдер, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кез келген төлемдер кіруі мүмкін;
- 4) Брокер тиісті түрде рәсімделген шот-фактураны ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 Қосымшада келтірілген тарифтерге сәйкес Брокердің қызметтеріне ақы төлеу, Клиенттің қаржы құралдарын номиналды ұстау бойынша мәмілелер жасауға, қызметтерді көрсетуге байланысты Брокердің шығыстарын өтеуге, тіпті мұндай мәмілелер күтілетін нәтижелерге әкелмесе де, сондай-ақ Клиентті, оның бенефициарлық меншік иесін тексеруге байланысты шығыстарын өтеу, мұндай тексерулер сұралған құжаттар мен мәліметтерді Клиенттің бермеуіне байланысты белгіленген тәртіппен жүргізілмесе де;
- 5) Брокер жүргізетін қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген салықтық және өзге де ауыртпалықтарды көтеру;

- 6) өзінің деректемелерінің өзгергені, мемлекеттік қайта тіркеуден өткені, құрылтайшылық және басқа да құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені туралы осы өзгерістер пайда болған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей Брокерге хабарлауға міндетті;
- 7) көрсетілген төлемдер, міндеттемелер, шығыстар немесе залалдар Брокердің қызметкерлерінің немқұрайлылығы немесе өз міндеттемелерін қасақана орындамауы нәтижесінде оның кінәсінен туындаған жағдайларды қоспағанда, Клиентке көрсетілген кез келген қызметке қатысты немесе оның нәтижесінде не осы Шарт бойынша рұқсат етілген әрекеттен қандай да бір себептермен Брокер көтерген төлемдерді, шығындарды, міндеттемелерді немесе шығыстарды Брокерге өтеу;
- 8) Брокердің Клиентке беретін клиенттік тапсырыстың орындалуы туралы есебіне немесе кез келген есептілік түріне қарсылық білдірген немесе келіспеген жағдайда, осы құжаттарды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Брокерді жазбаша нысанда хабардар ету. Олай болмаған жағдайда, клиенттік тапсырыстың орындалуы туралы есеп немесе өзге есептілік түрі Клиентпен қабылданған болып саналады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелер.

4. Клиенттік тапсырыстарды орындау тәртібі

- 4.1. Бірнеше меншік иесі болған жағдайда мәмілелерді жасау үшін барлық меншік иелерінің атынан сенімхат негізінде әрекет ететін бір уәкілетті тұлға тағайындалуы керек. Егер жаңа сенімхат берілсе, алдыңғысы жарамсыз деп есептеледі
- 4.2. Қаржы құралдарымен барлық мәмілелер Брокердің ішкі құжаттарында айқындалған нысан бойынша рәсімделген стандартты жазбаша нысанда 2 (екі) данада Клиент шабарманмен немесе курьермен жіберетін клиенттік тапсырыстар негізінде жасалады. Деректемелерді куәландырғаннан кейін Брокер клиенттік тапсырыстың бір данасын Клиентке қайтарады. Клиент тиісті тапсырыс электрондық пошта арқылы алынған айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей түпнұсқа тапсырысты кейін бере отырып, осы Шарттың 13-бөлімінде көрсетілген Брокердің электрондық поштасы адресіне стандартты нысанда жасалған және Клиенттің уәкілетті тұлғасы қол қойған тапсырыстың сканерленген нұсқасын жіберу арқылы тапсырыс беруге құқылы.
- 4.3. Клиенттік тапсырыста көрсетілген мәміле жасалу күні Алматы уақыты бойынша сағат 15-00-ден кешіктірмей Клиент Брокерге операция бойынша есеп айырысу үшін қажетті, клиенттік тапсырыста көрсетілген соманы қандай да бір шегерімсіз аударады, оған Брокердің делдалдарының шетелдік бағалы қағаздар нарығында қызметтеріне ақы төлеу және шетелдік қор биржаларындағы қажетті биржалық алымдар, салықтар мен төлемдер, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кез келген төлемдер кіруі мүмкін, немесе мәмілені орындау үшін қажетті қаржы құралдарының бар болуын қамтамасыз етеді.
- 4.4. РЕПО операциялары бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру тәртібі де осы Шарттың 11-бабының талаптарымен айқындалады.
- 4.5. Клиенттік тапсырыстың орындауға қабылданғанын растау клиенттік тапсырысқа Брокердің қойған белгісі (Брокердің уәкілетті қызметкерінің қолы) және клиенттік тапсырысты тиісті журналда тіркеу болады. Брокердің белгісі бар клиенттік тапсырыстың көшірмесі сол күні (тапсырыс қабылданған күні) Клиентке жіберілуі тиіс. Клиенттік тапсырыс тіркелген сәттен бастап орындауға қабылданады. Клиенттік тапсырысты электрондық пошта арқылы жіберілген сканерленген нұсқасында берілген жағдайларда, Брокердің клиенттік тапсырысты алғаны және тіркегені туралы деректерді көрсетіп, Клиенттің электрондық поштасына жауап хат жібері арқылы берілген Брокердің жазбаша растауы клиенттік тапсырыстың қабылданғанын растауы болып табылады.
- 4.6. Клиенттік тапсырыстар мен бұйрықтарды орындау Брокердің ішкі құжаттарына сәйкес олардың қабылдануының хронологиялық тәртібімен жүзеге асырылады.
- 4.7. Брокер Клиент алдындағы өз міндеттемелерін клиенттік тапсырыста көрсетілген қолданылу мерзіміне сәйкес орындайды.
- 4.8. Клиенттік тапсырысты орындағаннан кейін Брокер клиенттік тапсырыстың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде клиенттік тапсырыстың орындалғаны/орындалмағаны туралы Клиентке жазбаша есеп беруге міндетті (егер орындалмаған болса - орындалмау себептерін көрсете отырып).
- 4.9. Брокердің есептері Клиентке барлық қолда бар техникалық тәсілдермен (шабарманмен немесе курьермен, поштамен, факспен, телекспен, электрондық поштамен, телефонограммамен) берілуі мүмкін. Шабарманмен табыстаудан және поштамен жіберуден басқа тәсілмен берілген жағдайда, түпнұсқа есеп көшірме берілгеннен кейін үш (3) жұмыс күні ішінде Клиентке (немесе Клиентке жіберу үшін пошта қызметтеріне) табысталуы тиіс.
- 4.10. Брокер алған және растаған тапсырысты орындамаған немесе Клиентпен оның күші жойылған жағдайда, Брокер Клиенттің жазбаша өкімі бойынша оның шотына аударылған барлық ақшаны немесе қаржы құралдарын Клиенттен өкімді алған күннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей қайтаруға міндетті.

5. Қаржы құралдары бойынша кірістер алу талаптары мен тәртібі

- 5.1. Брокер осы Шартты орындау барысында Брокердің номиналды ұстауындағы Клиенттің қаржы құралдары бойынша кірістердің түсуі мен бөлінуінің есебін жүргізуге міндетті.
- 5.2. Клиенттің қаржы құралдарынан кірістер түскен күні оның дербес шотына есептелуі тиіс.
- 5.3. Клиент алған кірістермен одан әрі операцияларды (банктік шотқа ақша аудару, қаржы құралдарын сатып алу және т.б.) жүзеге асыруға тапсырыс/бұйрық беруге құқылы.
- 5.4. Брокер Клиенттің банктік деректемелеріндегі өзгерістер туралы Брокердің Клиентке уақтылы хабарламауы үшін жауапкершілік көтермейді.

6. Ақпаратпен алмасу және хабарландырулар

- 6.1. Егер осы Шартта және оның Қосымшаларында өзгеше көзделмесе, осы Шартқа сәйкес Тараптар алмасатын барлық сұраулар, клиенттік тапсырыстар, бұйрықтар, өкімдер, хабарландырулар және басқа да ақпарат жазбаша нысанда орындалады, шабарманмен немесе курьермен беріледі немесе пошта арқылы (осы Шарттың 13-бабында белгіленген Тараптардың пошталық деректемелері бойынша) осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жіберіледі.
- 6.2. Брокер іс жүзінде алынған және расталған сәтке дейін клиенттік тапсырысты/бұйрықты орындамағаны үшін жауапкершілік көтермейді деген талаппен, кез келген хабарландырулар, хабарламалар, клиенттік тапсырыстар/бұйрықтар әдеттегі жолмен алынуы мүмкін болған сәтте алынған болып саналады.

7. (Брокер клиенттік тапсырыстар негізінде жасаған) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысу тәртібі мен мерзімдері

- 7.1. Егер Сауда-саттықты ұйымдастырушы өзге мерзім белгілемесе, Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша төлемді мәміле жасалған күні қамтамасыз етеді.
- 7.2. Клиенттік тапсырысты орындалғанға дейін күшін жойған жағдайда, Клиент Брокер клиенттік тапсырыстың күші жойылуына байланысты көтерген, құжатпен расталған кез келген шығыстарын өтейді. Төлем Брокер шығыстарды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, шығыстар туралы есепті ұсынған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.
- 7.3. Халықаралық нарықта қаржы құралдарымен мәмілелер жасаған кезде Брокердің брокерлік қызметтерді көрсеткені үшін тарифтері мәміле бойынша есеп айырысу күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша теңгемен алынады.
- 7.4. Банктер мен банктік ұйымдардың (айырбастау, аудару және т.б.), «Қазақстан қор биржасы» АҚ және басқа да сауда-саттықты ұйымдастырушылардың, делдалдық брокерлердің, сондай-ақ «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ, кастодиан банктердің және басқа да есептік ұйымдардың (сақтау, есептен шығару/қаржы құралдарын есептеу және т.б.) тарифтерін өтеуді Клиент тиісті шарттар, шоттар және/немесе көрсетілген ұйымдардың ресми тарифтері негізінде оған Брокер (қайта) ұсынған шоттар бойынша бөлек, Брокер шотты (қайта) ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.
- 7.5. Мәмілелер жүргізілетін елдің заңнамасына сәйкес ұсталатын мәмілелер бойынша кез келген баждарды, салықтарды және алымдарды Клиент бөлек төлейді және олар Брокердің міндетмесі болып табылмайды.

8. Брокерге төленуге жататын сомалар бойынша есеп айырысу тәртібі мен мерзімдері

- 8.1. Брокер сыйақысының сомасы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Брокер көрсететін қызметтерге арналған Тарифтер (№1 Қосымша) бойынша есептеледі. Клиент Брокердің сыйақысын Брокер шотты ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлеуге міндеттенеді.
- 8.2. Клиент осы Шартта белгіленген төлем талаптарын орындамаған жағдайда, Брокер Брокерге төленуге тиісті сомаларды Клиенттің кез келген шоттарынан біржақты тәртіппен акцептісіз есептен шығаруға құқылы.

9. Тараптардың жауапкершілігі

- 9.1. Осы Шарт бойынша төлемдерді жүзеге асыру мерзімдерін бұзған жағдайда, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, Брокердің сыйақысын, шығыстарын уақтылы төлемеген жағдайда, Клиент Брокерге кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін төленуге жататын жалпы соманың 0,5% мөлшерінде, бірақ берешек сомасының 10% астам емес өсімпұл төлейді. Өсімпұлды төлеу Клиентті осы Шартта белгіленген басқа да міндеттемелерді орындаудан босатпайды.
- 9.2. Клиенттік тапсырысты/бұйрықты Брокер орындағаннан кейін Клиент оның күшін жоюға немесе өзгертуге құқылы емес.
- 9.3. Шарттың 3.2-тармағының 13) тармақшасында белгіленген тыйым салуды бұзған жағдайда, Брокер Клиентке мәміле көлемінің 3% (үш пайыз) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді, сондай-ақ Клиентке осындай бұзушылық нәтижесінде келтірілген барлық залалдарды төлеуге міндетті.
- 9.4. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда, осы Шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттер толық көлемде оның құқықтық мирасқорына өтеді.

- 9.5. Тараптар өздерінің бақылауынан тыс мән-жайлардың (күші еңсерілмейтін мән-жайлар) басталуының нәтижесінде бір-бірінің алдындағы міндеттемелерін (жартылай немесе толық) орындай алмауына байланысты немесе одан туындайтын жауапкершіліктен босатылады.
- 9.6. Күші еңсерілмейтін мән-жайлар басталған жағдайда, Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар күшінде қалатын уақытқа мөлшерлес түрде кейінге қалдырылады.
- 9.7. Күші еңсерілмейтін мән-жайлар деп Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс кез келген мән-жайлар түсініледі: өрттер, су тасқыны, жер сілкінісі, саланың бір қатар кәсіпорындарына немесе тұтас салаға тараған ереуілдер, соғыс (жарияланған немесе жарияланбаған), көтерілістер, тәртіпсіздіктер, азаматтық соғыс немесе бағынбау, Қазақстан Республикасының заңнамасымен мораторий енгізу, осы Шартта көрсетілген қызмет түрлеріне тікелей немесе жанама тыйым салатын нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, сондай-ақ байланыс, тасымалдау және компьютерлік жүйелердегі кез келген ақаулар немесе іркілістер, қызмет көрсететін банктердің, сауда-саттықты ұйымдастырушылардың, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ жұмысындағы үзілістер және осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды мүмкін емес ететін басқа да жағдайлар.
- 9.8. Күші еңсерілмейтін мән-жайлар туындаған күні, осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауда кедергілері бар Тарап бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Әйтпесе, күші еңсерілмейтін мән-жайлардың салдарынан мұндай Тараптың екінші Тарапқа хабарлама жіберуі мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, мұндай Тарап осы Шарттың 9.5. және 9.6-тармақтарында көрсетілген құқығын жоғалтады.
- 9.9. Күші еңсерілмейтін мән-жайлардың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін, оларға тартылған Тарап бір жұмыс күні ішінде екінші Тарапқа күші еңсерілмейтін мән-жайлардың қолданылуы тоқтатылғаны туралы жазбаша хабарлама жіберуге және осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды қайта бастауға міндетті.
- 9.10. Брокер Клиенттің алдында кез келген келесі жағдайда жауапкершілік көтермейді: а) үшінші тұлға Клиент берген тапсырыс негізінде Брокер жасаған мәміле талаптарын орындамағанда (немесе тиісінше орындамағанда); б) клиенттік тапсырысты орындамау Брокерге байланысты емес себептермен туындағанда.
- 9.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей белгіленген жағдайларды қоспағанда, Тараптардың ешқайсысы екінші тараптың жазбаша хабарламасынсыз және келісімінсіз осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді үшінші тұлғаға беруге құқылы емес.
- 9.12. Клиент Брокерге Клиенттің әрекеті немесе әрекетсіздігі (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: кез келген залал/шығындар, айыппұлдар және/немесе өсімпұлдар және/немесе Клиенттің әрекеті/әрекетсіздігі нәтижесінде үшінші тұлғалардың Брокерге қойған басқа да талаптары) салдарынан келтірілуі мүмкін кез келген залалды/шығындарды өтеуге міндеттенеді.
- 9.13. Брокердің дәлелденген кінәсі бойынша Клиенттің тапсырысына сәйкес жасалған мәмілені орындамаған жағдайда Брокер Клиентке мәміле сомасының 0,5% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге, сондай-ақ Клиентке нақты залалды өтеуге міндеттенеді.

10. Шарттың қолданылу мерзімі, оны бұзу негіздері және Тараптардың әрекеттері

- 10.1. Осы Шарт оған Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және мерзімсіз қолданылады. Шартты бұзуды Тараптар осы бөлімнің талаптарына сәйкес жүзеге асырады.
- 10.2. Осы Шарттың қолданылуы келесі негіздер бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін:
 - 1) Тараптардың жазбаша өзара келісімі бойынша.
 - 2) Тараптардың бірінің бастамасы бойынша Шартты бұзудың болжалды күнінен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапты міндетті түрде жазбаша хабардар ете отырып. Клиент осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қаржы құралдары мен ақшаның қалдықтарын Клиенттің дербес шотынан Клиент белгілеген басқа брокерде ашылған Клиенттің дербес шотына аударуды қамтамасыз етуге міндетті.
 - 3) осы Шартта көрсетілген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да негіздер бойынша.
- 10.3. Осы Шартты мерзімінен бұрын бұзу осы Шарттың мәні болып табылатын және орындалу барысында тұрған мәмілелерді және (немесе) басқа да заңды әрекеттерді мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соқпайды. Осы Шарт бұзылған күні орындалу барысында тұрған мәмілелер орындалатын мәміле талаптарына сәйкес аяқталуы және Клиенттен төленуі тиіс.
- 10.4. Осы Шарт бұзылу сәтінде Тараптар арасында түпкілікті есеп айырысу жүргізілуі және осы Шарт бойынша және/немесе соған байланысты барлығы тиесілі мүлік табысталуы тиіс, бұл ретте Клиент қолданыстағы мәмілелердің (Брокер Клиенттің тапсырыстары негізінде жасаған) басқа Брокерге осы Шарт бұзылғанға дейін берілуін қамтамасыз етуге міндетті.
- 10.5. Брокер, егер күші еңсерілмейтін мән-жайлар Брокерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде ешқандай зиян келтірмейтін ақылға қонымды мерзім ішінде тоқтатылуы мүмкін деп негізді түрде санаса, осы Шартты тоқтата тұру құқығын сақтайды. Шартты тоқтата тұру тәртібі Клиентпен қосымша келісіледі.
- 10.6. Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда, Брокер уәкілетті органнан хабарлама алған күннен

бастап екі жұмыс күні ішінде бұл туралы жеке хабарламаны жіберу және Клиентке оңай қолжетімді жерлерде (бас кеңсенің ғимаратында, сондай-ақ: www.moneyexperts.kz веб-сайтында) тиісті хабарландыруларды орналастыру арқылы Клиентке хабарлайды.

10.7. Лицензиядан айырған жағдайда Брокер:

- а) уәкілетті органнан хабарлама алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде лицензиядан айыруға байланысты осы шартты бұзу туралы жеке хабарлама жіберу арқылы бұл туралы Клиентке хабарлайды;
- б) уәкілетті органнан хабарлама алған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде клиенттің бұйрығы негізінде тіркеушіге немесе жасалған шарт болса, жаңа брокерге активтерді табыстайды және Клиентке оңай қолжетімді жерлерде (бас кеңсенің үй-жайларында) тиісті хабарламаны орналастырады.

10.8. Брокер Клиенттің дербес шотын жабу операциясын жүзеге асырады:

- Клиенттің дербес шотын жабу туралы бұйрығы негізінде;
- соңғы жүз жиырма ай ішінде Клиенттің дербес шотында бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқығы) болмаған жағдайда;
- Брокер номиналды ұстаушы ретінде клиенттік шоттарды жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясынан айырылған жағдайда Клиентке активтерді қайтару кезінде.

Дербес шотты жабу кезінде Клиентке Брокердің ішкі құжатында белгіленген нысан бойынша тиісті хабарлама жіберіледі.

11. Ерекше талаптар.

1-бөлім. Ерекше талаптар – РЕПО

- 11.1. Брокер ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында РЕПО операциялары арқылы клиенттік тапсырыстарға сәйкес Клиентке ақша тартқан кезде:
 - 11.1.1. Клиент РЕПО жабу мәмілесі (РЕПО операциясын жабу мәмілесі) күнінің алдыңғы жұмыс күні Алматы уақыты бойынша сағат 11-00-ден кешіктірмей Брокерде ашылған дербес шотында РЕПО жабу мәмілесін (РЕПО операциясын) тиісінше орындау үшін жеткілікті мөлшерде ақшаның болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді;
 - 11.1.2. Егер Клиенттің әрекеті немесе әрекетсіздігі салдарынан Брокер өзі жасаған (Клиент берген тапсырыс негізінде) РЕПО операциясының талаптарын орындамаған болса, Клиент Сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелеріне сәйкес Брокерге салынатын барлық айыппұлдарды (соның ішінде өсімпұлдарды және/немесе тұрақсыздық айыбын) Брокерге мұндай айыппұлдар (соның ішінде өсімпұлдарды және/немесе тұрақсыздық айыбын) салынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде төлеуге міндеттенеді;
 - 11.1.3. Клиент РЕПО ашу мәмілесін жасауға тапсырыс берілген күннен бастап Клиенттің РЕПО жабу мәмілесінің талаптарын орындаған күніне дейінгі кезеңде, Брокерде ашылған шотында осы Шарттың 11.6-тармағында белгіленген мөлшерде Активтердің азайтылмайтын қалдығын қамтамасыз етуге міндетті, бұл ретте Клиенттің осы тармақтың талаптарын орындамауы Брокерге осы РЕПО операциясына қатысты Клиенттің тапсырыстарын/бұйрықтарын орындаудан бас тарту құқығын береді.
- 11.2. Брокер ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында РЕПО операциялары арқылы клиенттік тапсырыстарға сәйкес Клиенттің ақшасын орналастырған кезде:
 - 11.2.1. Клиент РЕПО жабу мәмілесі (РЕПО операциясын жабу мәмілесі) күніне дейін кемінде 1 жұмыс күні бұрын Брокердің номиналды ұстау жүйесіндегі өзінің дербес шотында РЕПО жабу мәмілесін (РЕПО операциясын) тиісінше орындау үшін жеткілікті мөлшерде қаржы құралдарының болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді;
 - 11.2.2. Егер Клиенттің әрекеті немесе әрекетсіздігі салдарынан Брокер өзі жасаған (Клиент берген тапсырыс негізінде) РЕПО операциясының (РЕПО жабу мәмілесінің) талаптарын орындамаған болса, Клиент Сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелеріне сәйкес Брокерге салынатын барлық айыппұлдарды (соның ішінде өсімпұлдарды және/немесе тұрақсыздық айыбын) Брокерге мұндай айыппұлдар (соның ішінде өсімпұлдарды және/немесе тұрақсыздық айыбын) салынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде төлеуге міндеттенеді;
 - 11.2.3. Клиент РЕПО ашу мәмілесін жасауға тапсырыс берілген күннен бастап Клиенттің РЕПО жабу мәмілесінің талаптарын орындаған күніне дейінгі кезеңде, Брокерде ашылған шотында осы Шарттың 11.6-тармағында белгіленген мөлшерде Активтердің азайтылмайтын қалдығын қамтамасыз етуге міндетті, бұл ретте Клиенттің осы тармақтың талаптарын орындамауы Брокерге осы РЕПО операциясына қатысты Клиенттің тапсырыстарын/бұйрықтарын орындаудан бас тарту құқығын береді.
- 11.3. Осы Шарттың 11.1.2., 11.2.2-тармақтарында белгіленген айыппұлдарды/өсімпұлдарды және сыйақыларды төлеу Клиентті осы Шарттың басқа талаптарын орындаудан, оның ішінде Клиенттің әрекеті/әрекетсіздігі салдарынан Брокерге келтірілген зиянды өтеуден және осы Шартта айқындалған және/немесе Сауда-саттықты ұйымдастырушы Брокерге салатын басқа тұрақсыздық айыбы мен өсімпұлдарды төлеуден және/немесе үшінші тұлғалардың Брокерге талаптарынан босатпайды.
- 11.4. Осы жерде және Шарттың бүкіл мәтінінде РЕПО операциялары/мәмілелері деп «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында айқындалған түрінде РЕПО операцияларын/мәмілелерін түсіну керек.

Нысан «Нұрбанк» АҚ-ның «Money Experts» ЕҰ» АҚ
Басқармасының шешімімен бекітілген.

- 11.5. Клиент Брокерде ашылған шоттарында Брокер белгілеген мөлшерде (бірақ РЕПО ашу мәмілесі сомасының 30%-нан кем емес) Активтердің азайтылмайтын қалдығын қамтамасыз етуге міндеттенеді, бұл ретте:
- 11.5.1. ақшамен көрсетілген азайтылмайтын қалдық мөлшері Брокер белгілейтін азайтылмайтын қалдық мөлшеріне 1:1 қатынасында айқындалады;
- 11.5.2. қаржы құралдарында көрсетілген азайтылмайтын қалдық мөлшері дисконтты шегергендегі осындай қаржы құралдарының нарықтық құнымен айқындалады (оның мөлшерін Брокер біржақты тәртіппен белгілейді).
- 11.6. Осы баптағы «Активтер» терминінде Қазақстан Республикасының ақшасын және/немесе мемлекеттік бағалы қағаздарын және/немесе Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-» кем емес рейтинг бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар бағалы қағаздарды түсіну керек.

2-бөлім. Ақпарат жинау мен ашудың ерекше талаптары

- 11.7. Брокер кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын, сондай-ақ Брокердің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі әрекеттері тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарын қатаң сақтайды, осыған байланысты Брокер құқылы:
- Брокердің пікірінше, Клиентке брокерлік қызметтер көрсету үшін қажетті кез келген ақпаратты және осы ақпаратты растайтын кез келген құжаттарды Клиенттен талап етуге.
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Клиенттен алынған мәліметтерді және ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге (ашуға), құжаттарды беруге (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға, сауда-саттықты ұйымдастырушыға, қаржы нарығына қатысушыларға, қаржылық мониторинг субъектілеріне, есептік ұйымдарға, кастодиан банктерге және т.б.), егер бұл Клиентке брокерлік қызметтер көрсету үшін қажет болса.
 - Брокердің ішкі нормативтік құжаттарының және Қазақстан Республикасының заңнамасының, шет мемлекеттердің заңнамасының және халықаралық ұйымдардың ұсынымдарының талаптарынан туындайтын, Клиент жүзеге асыратын операцияларға (соның ішінде Клиент жүзеге асыратын операцияны тоқтату) белгілі бір талаптарды, тыйым салуларды, шектеулерді енгізуге.
- 11.8. Осы Шартқа қол қою арқылы Клиент:
- Брокер сұраған ақпарат пен құжаттарды толық көлемде және барынша қысқа мерзімде беру міндеттемесін өз мойнына қабылдайды;
 - Клиент, оның бенефициарлық меншік иелері, Клиенттің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылған операциялары туралы мәліметтерді, құжаттарды және ақпаратты Брокердің ұсынуы қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету болып табылмайтынымен келіседі;
 - Брокер енгізетін талаптарға, тыйым салуларға және шектеулерге байланысты туындауы мүмкін тәуекелдер мен салдарларды (соның ішінде залалдар мен жоғалған пайданы) өз мойнына қабылдайды.
- 11.9. Брокер жоғарыда аталған тәуекелдер мен салдарлар үшін (соның ішінде залалдар мен жоғалған пайда), соның ішінде Клиенттің операцияларына қатысты мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулерге байланысты жағдайлар, сондай-ақ тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар және осы тексерулерден туындаған басқа да салдарлар үшін жауапкершілік көтермейді.

12. Басқа талаптар

- 12.1. Брокерлік қызметтерді көрсету кезінде Брокер Клиентке осы Шартқа сәйкес жасалатын қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша қандай да бір пайда алуға немесе шығындардың жоқ болуына кепілдік беруге құқылы емес.
- 12.2. Осы Шартқа қол қою арқылы Клиент қаржы құралдарының бағасының өзгеруі Брокердің бақылауынан тыс екенін білетінін, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы инвестициялық қызметпен байланысты тәуекелдердің бар екенін білетінін мәлімдейді және Клиент берген клиенттік бұйрықты (клиенттік тапсырысты) Брокердің орындауына байланысты Клиентке келтірілген залал үшін Брокер жауапкершілік көтермейтініне кепілдік береді.
- 12.3. Осы Шартта ескерілмеген немесе көзделмеген барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алуға тиіс.
- 12.4. Осы Шартқа енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған болса, жарамды болып табылады.
- 12.5. Тараптар атауының, банктік деректемелерінің, орналасқан жерінің өзгергені, мемлекеттік қайта тіркеуден өткені және басқа да өзгерістер туралы осы өзгерістер пайда болған күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей бір-бірін хабардар етуге міндеттенеді.
- 12.6. Осы Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде жарамды. Осы Шарттың қандай да бір ережесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының

Нысан «Нұрбанк» АҚ-ның «Money Experts» ЕҰ» АҚ
Басқармасының шешімімен бекітілген.

нормаларына қайшы келсе, бұл Шарттың қалған ережелерінің жарамсыздығына әкеп соқпайды және Тараптар мұндай жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын басшылыққа алады.

12.7. Тараптар олардың арасындағы келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешу үшін барлық шараларды қолдануға келісті. Келіссөздер арқылы өзара келісімге қол жеткізілмеген жағдайда даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сот органдарына беріледі.

12.8. Осы Шарт бірдей заңды күші бар екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалған.

4. Тараптардың банктік деректемелері, қолдары мен мөрлері

Клиент:

БСН _____

IBAN _____

«_____» АҚ-да

БСК _____

БЕК _____

Телефон: _____

Факс: _____

Электрондық пошта адресі: _____

М.О.

Брокер:

«Нұрбанк» АҚ-ның «MONEY EXPERTS» ЕҰ» АҚ

Алматы қ., Желтоқсан даңғ., 173

БСН 031140001009

IBAN KZ7184915KZ000813019

«НУРБАНК» АҚ АФ

БСК NURSKZKX

БЕК 15

Телефон: +77272505639

Факс: +77272502013

Электрондық пошта адресі: info@moneyexperts.kz

Басқарма Төрайымы

_____ Шайхиева Л.К.

М.О.